

Әділет

"Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 наурызда № 32011 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі үйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру үйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі;